

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Медицина факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

28.10.2022 ж.

**Қатысқандар: комиссия төрағасы:**

1. Сейдинов Шора Мусалиевич – м.ғ.д., профессор, «Хирургиялық аурулар» кафедрасының профессоры

**Комиссия мүшелері:**

1. Даулетова Меруерт – м.ғ.к., «Пропедвтика және ішкі аурулар» кафедрасының аға оқытушысы;
2. Омарова Балнұр –PhD, «Профилактикалық медицина» кафедрасының аға оқытушысы;
3. Саруаров Ерболат – оқытушы, «Морфология және физиология» кафедрасының оқытушысы;
4. Арыстанова Айдана – ДҚДС-101ҚДС, докторант 2 курс;
5. Мейірбек Ғалым – ММ-101 магистрант 2 курс;
6. Орынбасар Сая – ЖМ-016 бакалавр 3 курс
7. М. Шалтаева – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар**

8. Молдалиев Ы. С. – факультет деканы, м.ғ.д., профессор
9. Мустафаева А. А. – Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, аға оқытушы
10. Ибрагимова Л. – Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы
11. Мухиддинова С. – Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы
12. Саржанов Ф. – PhD, «Профилактикалық медицина» кафедрасының аға оқытушысы;
13. Айымханов М. – Тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

**Қатыспағандар:** - жоқ

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгенін тексеру.
2. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау.
3. ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау.
4. Қазан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**1. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сейдинов Шора Мусалиевич** сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:

1. ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгенін тексеру мақсатында «Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесі» бойынша медицина факультетінің 9 кафедрасы толық тексерістен өтті. Жалпы оқу материалдары лекция, аралық бақылау, тест, тағы басқадан тұрады. Оқытушы барлық тапсырмалардың орындалуын қадағалауы және курс мерзімдеріне тиісті бағалауы міндетті. Оқытушы қажетті жағдайларда курсқа өзгерістер енгізуі мүмкін.

Білім беру бағдарламасының атауы	Оқу түрі	Жүктелу %
6B086 Жалпы медицина	Күндізгі	100
5B130100 Жалпы медицина	Күндізгі	100
7M10131 Медицина	Күндізгі	100
7M10144 Қоғамдық денсаулық сақтау	Күндізгі	100
8D10110 Медицина	Күндізгі	100
8D10111 Қоғамдық денсаулық сақтау	Күндізгі	100

Аралық бақылау жаңа платформада portal.ayu.edu сайтында автоматты түрде есептеледі. 60% күнделікті баға орталамасынан және 40% білімгердің өзіндік жұмысының бағасынан есептелінеді.

**Шешім:** ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгенін тексеру барысында ескетулер берілген кафедралардың түзетулерін «Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесіне» сай болуын қадағалансын.

**2. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сейдинов Шора Мусалиевич** сөз алып күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:

ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда 19.10.2022ж. алынған мәлімет бойынша 32 білімгер анықтама берді. Олардың ішінде 4 магистрант және 16 докторант жұмыс жасайтыны анықталды. Анықтама бергендердің басым бөлігі білім беру саласында жұмыс жасайтындығы анықталды.

**Магистранттар мен докторанттардың жұмысқа орналасулары жайлы ақпарат**  
/19.10.2022ж./

БББ	7М10131- Медиц. /11/			7М10144- ҚДС /4/		Жалпы маг.	8D10110- Медицина /7/			8D10111-ҚДС /10/				Жалпы докт.	Жалпы барлығы
	1	2	Барл.	2	Барл.		1	3	Барл.	1	2	3	Барл.		
Жұмыс жасайтындар	1	2	3	1	1	4	4	2	6	3	4	3	10	16	20
Жұмыс жасамайтындар	1	7	8	3	3	11	-	-	-	-	-	-	-		11
Басқа себептер /бала күтімі/	-	-	-	-	-	-	1	-	1	-	-	-	-	1	1
	2	9	11	4	4	15	5	2	7	3	4	3	10	17	32

**Ескерту:**

Анықтама бергендер – 32

Орындаған: А. Урымбаева-15-82

**Шешім:** ББ түлектерінің жұмысқа орналасуын дәлелдейтін анықтамаларды жинақтау қолға алынсын.

**3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сейдинов Шора Мусалиевич** сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады. Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтауа жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың 72 сағаттан кем емес өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді.

Кафедра оқытушылары «Даму» ЖШС, «Ғалымнұр» біліктілікті арттыру бойынша өз өтетін пәндерін онлайн форматта біліктілікті жетілдіру курсынан өтті. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында «Инклюзивті білім беру» және «Қашықтықтан білім беру» курсы ұйымдастырылып, барлық ОПҚ осы курстан өтіп арнайы сертификаттар берілді.

**Шешім** Профессор-оқытушылардың жүктемелерінде бөлінген пәндерден алынған сертификаттары, бұйрықтан үзінді, есептері портфолиоларына салынуы бақылауға алынсын. Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша біліктілік талаптарға сәйкестігін бекітілген талаптарға сәйкес деп таңылсын.

**4. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сейдинов Шора Мусалиевич** сөз алып, қазан айында жоспарланған жұмыстар толықтай атқарылғанын айтты. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау жұмыстары бойынша анықтамалар санын көбейтуді тапсырды.

Мәжіліс төрағасы:

Сейдинов Шора Мусалиевич

Мәжіліс хатшысы:

Мейірбек Ғалым